



Толығырақ сайтта



# ПОЛИЭФИРЛІ ҰНТАҚТЫ БОЯУЫ

## ACPP RAL 5007 G90

### ТЕХНИКАЛЫҚ ПАСПОРТ

#### Сипаттама

Қатты полиэфир шайырларының, қатайтқыштың, толтырғыштары мен функционалды қоспалары бар пигменттердің көп компонентті қоспасы, олар берілген температураның әсерінен боялған бетке адгезиясы бар полимерлі үлбір түзеді. Өнім металл бұйымдарына, әртүрлі өнеркәсіп салаларына арналған жылтырлығы мен құрылымы әртүрлі ұнтақ жабындарын алуға арналған.

#### СИПАТТАМАСЫ

- Терморективті ұнтақты жабыны
- Қолдану әдісі: Электр/Трибо
- Температуралық режим: 10 мин - 200 °C
- Түрі: TGIC полиэстер
- Үлес салмағы:  $1,3 \pm 0,5$

#### САҚТАУ ШАРТТАРЫ

- +25 °C температурада салқын, құғақ жерде сақтау
- Жарамдылық мерзімі: 12–24 ай

## БОЯУ АЛДЫН ДАЙЫНДАУ

Металл бұйымдарының бетін бояу алдында дайындау металға және кейінгі пайдалану жағдайларына байланысты жүзеге асырылуы тиіс. Боялынатын беттерде жарықтар, күйіктер, сызаттар түріндегі металдың тұтастығын бұзатын т.б. болмауы керек. Ұнтақты бояуды қолданар алдында дайындау – МЕМСТ 9.402 сәйкес. Майсыздандыру дәрежесі – бірінші, жоғарғы бетін қақтан және тоттан тазарту дәрежесі-2. Ең жақсы қорғаныс қасиеттеріне қол жеткізу үшін конверсиялық жабындарды алдын ала қолдану ұсынылады.

ЖАБЫННЫҢ ҚАЛЫҢДЫҒЫ		ШЫҒЫС
ТЕГІС БЕТТЕР	60–100 МКМ	80–120 Г/ М <sup>2</sup>
ТЕКСТУРАЛЫ БЕТТЕР	80–150 МКМ	80–160 Г/ М <sup>2</sup>

## ӨНІМДІ СЫНАҚТАН ӨТКІЗУ ПАРАМЕТРЛЕРІ

Ультракүлгін сәулеленуге және ауа райына төзімділік. Сынақ тақтасы ультракүлгін сәулеленудің бірнеше циклына ұшырайды, содан кейін конденсат әсер етеді. Барлық циклдар талдау тоқтатылғанға дейін үздіксіз қайталаынады.

Жылтырлық деңгейі мен өлшемі 60° бұрышпен өлшенеді.

Адгезия 0B, 1B, 2B, 3B, 4B, 5B шкаласы бойынша өлшенеді, мұнда 5B ең жоғары қол жетімді балл болып табылады.

\* Жақтаудың икемділігі немесе конустық иілісі: "100% қарсылық" қол жеткізуге болатын ең жоғары мән болып табылады және жабынның жарылып кетпеуін немесе қабыршақтанбауын көрсетеді.

Соққы бойынша сипаттамасы, тікелей/жанама, 0 дюйм-фунттан 160 дюйм-фунт аралығындағы шкаласымен өлшенеді, 160 дюйм-фунт дейін ең жоғары қол жетімді рейтинг.

Тұзды тұманда коррозиясын сынау тұзды тұманға ұшыраған жабындалған панельдердің салыстырмалы коррозияға төзімділігін бағалау үшін қолданылады. Жабындалған панельдер жабық тұзды тұман камерасына, 30 градус бұрышқа орналастырылады және бейтарап (pH 6,5-7,2) тұзды су ерітіндісінің үздіксіз жанама бүркуіне ұшырайды. Камера / шкаф 35°C жұмыс температурасында және 1,0-2,0 мл/сағ. 5% тұз ерітіндісімен тұмандалады.

ТҮРІ	СЫНАҚТАН ӨТКІЗУ ӘДІСІ	МӘНІ
ТҮСІ		ACPP RAL 5007 G90
ӨҢІ		ЖАЛТЫРАҚ
ЖАЛТЫРАУЫ	ASTM D-523	83°- 90° @ 60°
АДГЕЗИЯ	ASTM D-3359	100% / 5B
ҚАТТЫЛЫҒЫ	ASTM D-3363	2H
СОҚҚЫҒА ТӨЗІМДІЛІК	ASTM D-2794	160 in/lbs тіке/кері
КОНУСТЫҚ	ASTM D-522	1/8" - сызаттар табылған жоқ
ТҰЗДЫ ТҰМАН	ASTM B-117	1000 сағат өтті
ЫЛҒАЛДЫЛЫҚ	ASTM D-1735	100F, 100% RH-1000+сағат

Жабынның қасиеттері B1000 (1,12) суықтай илектелген болаттан жасалған сынақ панельдерінде қалыңдығы 120 мкр ұнтақ үлбірді қолдану арқылы анықталды.

AZPK БАРЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ FIFO (БІРІНШІ КЕЛГЕН - БІРІНШІ ШЫҚҚАН) РЕТІМЕН ПАЙДАЛАНУДЫ ҰСЫНАДЫ. ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ ҰСЫНЫЛҒАННАН АСАТЫН МАТЕРИАЛДАР ҚОЛДАНАР АЛДЫНДА ТЕКСЕРІЛУІ КЕРЕК.

\* МҰНДА СИПАТТАЛҒАН МӘЛІМДЕМЕЛЕР МЕН ӘДІСТЕР ASIA COLOR АРК БЕЛГІЛІ ОЗЫҚ АҚПАРАТТАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН. МҰНДА АЙТЫЛҒАН КЕЗ КЕЛГЕН МӘЛІМДЕМЕЛЕР НЕМЕСЕ ӘДІСТЕР ТЕК ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ ҚАУІПСІЗДІК, ӨНІМДІЛІК НЕМЕСЕ НӘТИЖЕЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ МӘЛІМДЕМЕЛЕР НЕМЕСЕ КЕПІЛДІКТЕР РЕТІНДЕ ҚАРАСТЫРЫЛМАУЫ КЕРЕК. ӨНІМНІҢ ЖАРАМДЫЛЫҒЫ МЕН ӨНІМДІЛІГІ НЕГІЗІНЕН ПРОЦЕСТЕРГЕ, ОПЕРАЦИЯЛАРҒА ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУШЫ АНЫҚТАЙТЫН БАСҚА ДА КӨПТЕГЕН ШАРТТАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ БОЛҒАНДЫҚТАН, ПАЙДАЛАНУШЫ ЖАЛҒЫЗ ЖАУАП БЕРЕДІ ЖӘНЕ БАРЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ӨЗ МОЙНЫНА АЛАДЫ. ТӘУЕКЕЛДЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ӨНІМНІҢ ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ МАҚСАТЫНА СӘЙКЕС КЕЛЕТІНДІГІН АНЫҚТАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТУЫНДАЙДЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ СУБСТРАТ, ҚОЛДАНУ ПРОЦЕСІ, ПАСТЕРЛЕУ ЖӘНЕ/ НЕМЕСЕ ӨҢДЕУ ЖӘНЕ ТҮПКІЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ. ПАЙДАЛАНУШЫҒА AZPK ҰСЫНАТЫН ЕШҚАНДАЙ СЫНАҚТАР, ҰСЫНЫСТАР НЕМЕСЕ ДЕРЕКТЕР ПАЙДАЛАНУШЫНЫ ОСЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БОСАТПАЙДЫ. AZPK ОСЫ ҚҰЖАТТА КӨРСЕТІЛГЕН КЕЗ КЕЛГЕН ФОРМУЛАНЫ НЕМЕСЕ ПРОЦЕСТІ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕ ПАТЕНТТІК ҚҰҚЫҚТАРДЫ БҰЗУҒА ЕРКІНДІККЕ КЕПІЛДІК БЕРМЕЙДІ. ЖАБЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҮЗДІКСІЗ ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІҢ ОСЫ БЮЛЛЕТЕНЬДЕ КӨРСЕТІЛГЕННЕН ӨЗГЕШЕ БОЛУЫНА ӘКЕЛУІ МҰМКІН. ЕҢ СОҒҒЫ АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН AZPC ӨКІЛІНЕ ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.

ASIA COLOR ЖӘНЕ AZPC ЛОГОТИПІ ASIA COLOR LTD КОМПАНИЯСЫНЫҢ ТІРКЕЛГЕН САУДА БЕЛГІЛЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.



**ASIACOLOR™ ҰНТАҚТЫ БОЯУЫНЫҢ АЛМАТЫЛЫҚ ЗАУЫТЫ**  
**050000 ҚАЗАҚСТАН, АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ, ІЛЕ АУДАНЫ, 28 ӨНДІРІСТІК КЕШЕНІ**

**INFO@ASIACOLOR.KZ**

**+77472790090**

**WWW.ASIACOLOR.KZ**

**2003 - 2023**